

КИНЭУ

BILIM BOSTANDYK ORKENDEU

научно-
производственный
журнал

НАУ

<i>Испан Н., Утемисова Р.Ж.</i> Дәнді қабылдау кәсіпорындарында сақтауға дайындаудың технологиялық үдерістері.....	73
<i>Левченко Т.В., Кочиш И.И.</i> Влияние взаимодействия генотипа и среды на продуктивность и жизнеспособность бройлеров различных кроссов при трех системах содержания.....	82
<i>Мукашева Т.К., Есеева Г.К.</i> Подтверждение соответствия мясорастительных консервов в условиях ТОО АФ «Ирина и К».....	85
<i>Назарова Ж.Ж., Ергалиева З.Б.</i> «Влияние азотных удобрений на урожайность зерновых культур в условиях костанайской области».....	87
<i>Овчинников А.А., Тухбатов И.А.</i> Влияние токсфина и пробитокса на иммуно-биохимический статус организма цыплят-бройлеров.....	89
<i>Овчинников А.А., Граф Э.А.</i> Влияние биологически активных добавок на воспроизводительные функции свиноматок.....	91
<i>Петров А.К., Гнездилова Л.А., Петрова Т.Н.</i> Йодная недостаточность и нарушение обмена веществ у овец.....	93
<i>Попова А.В., Черенева С.В., Гализра Е.В.</i> Возможности производства нутового хлеба в Костанайской области.....	95
<i>Ручкина Г.А.</i> Значение фактора безопасности пищевых продуктов для перерабатывающих предприятий пищевой промышленности.....	98
<i>Савлукова Ю.О., Белевская И.В.</i> Исследование бад-пробиотиков в составе кисломолочных продуктов.....	100
<i>Соловьева Е.А.</i> Расширение ассортимента хлебобулочных изделий функционального назначения – одна из основных проблем для специалистов отрасли.....	103
<i>Таирова А.Р., Мухамедьярова Л.Г., Бисимбаева Д.А., Сулейманова К.У.</i> Экологическая оценка влияния горнодобывающего предприятия на состояние объектов окружающей природной среды.....	106
<i>Таирова А.Р., Мухамедьярова Л.Г., Сулейманова К.У., Саблина К.С.</i> Содержание тяжелых металлов в питьевой воде централизованного и нецентрализованного водоснабжения.....	108
<i>Таирова А.Р., Гизатулина Ю.А., Шарифьянов Р.Р.</i> Оценка подземной воды на наличие escherichia coli.....	110
<i>Таирова А.Р., Гизатулина Ю.А., Шарифьянов Р.Р.</i> Оценка качества подземной воды по общему числу микроорганизмов.....	111
<i>Таирова А.Р., Гизатулина Ю.А., Шарифьянов Р.Р.</i> Химический состав молока коров, содержащихся на загрязненных тяжелыми металлами территориях.....	113
<i>Таирова А.Р., Гизатулина Ю.А., Шарифьянов Р.Р.</i> Элементный состав почвенных экосистем, подверженных техногенному прессингу.....	114
<i>Ташева А.Р., Шарифьянов Р.Р., Шарифьянова В.Р., Гизатулина Ю.А., Сулейманова К.У.</i> Определение расчетным методом класса опасности отхода минеральный шлам, образующегося при производстве строительного щебня.....	115
<i>Таирова А.Р., Шарифьянов Р.Р., Шарифьянова В.Р., Гизатулина Ю.А.</i> Определение методом биотестирования класса опасности вскрышных пород мансуровского гранитного карьера.....	117
<i>Таирова А.Р., Шарифьянов Р.Р., Шарифьянова В.Р., Гизатулина Ю.А., Сулейманова К.У.</i> Характеристика отходов промышленных площадок ООО «Учалинский гранит».....	118
<i>Таирова А.Р., Шарифьянов Р.Р., Шарифьянова В.Р., Гизатулина Ю.А., Сулейманова К.У.</i> Содержание пыли неорганической в выбросах ООО «учалинский гранит».....	120
<i>Тищенко П.И.</i> Пути инактивации антипитательных веществ в зерновых кормах.....	122
<i>Тищенко П.И., Коряков А.М.</i> Использование пробиотического препарата тетралактобактерина при выращивании телят в молочный период.....	125
<i>Трифорова М.Ф., Басиев С.С., Бекузарова С.А.</i> Способ борьбы с колорадским жуком на посевах картофеля.....	128
<i>Трифорова М.Ф., Юлдашев М.А., Бекузарова С.А., Бибилова И.И.</i> Экологический потенциал использования горных агроландшафтов.....	130
<i>Харлап С.Ю., Торелик О.В., Колмыков М.А., Альхамова Г.К.</i> Технология производства творога с наполнителем (топинамбур).....	134
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ	
<i>Абдихалыкова К.С., Зимина А.</i> Қазақ елінің орта азиядағы өркениетті сақтаудағы ролі.....	137
<i>Абдихалыкова К.С., Шаукен Ж.</i> Дүниежүзілік көрме – «Ехро 2017».....	139
<i>Антонова В.С.</i> Женщины у власти. Е.А. Фурцева - политический руководитель советской москвы середины 50-х.....	141
<i>Антонова В.С.</i> Особенности государственного регулирования культуры в СССР.....	144
<i>Исакова А.М.</i> Религиозные верования древних тюрков.....	146
<i>Испандиярова А.Т.</i> Күрделі сөздердің табиғаты және оның түрлері.....	147
<i>Киселев О.Н., Пенелина Н.И.</i> Нечеловеческая трагедия: лошади красной армии в советско-финской войне.....	149
<i>Кульбаева М.М.</i> Тәуекел, күрес жолын үндеген акын-жазушылар.....	152
<i>Кушкинбаева К.Т.</i> Балладаларды барлағанда.....	154
<i>Мукашева Р.А.</i> С.Мұханов прозасындағы ұлттық мәдениеттің тілдік көрінісі.....	156
<i>Мулдашева С.Б.</i> Батыс Қазақстан фольклорындағы дастан жанры.....	158

Обсуждение. Из почти 11 тысяч лошадей, имевшихся в составе двух советских дивизий, сражавшихся под Суомуссалми, обратно не вернулись без малого 5000. Страшная цифра, в процентном отношении существенно даже превосходящая действительно ужасные потери личного состава советских дивизий. Около 1500 из них достались финнам (из конского состава 163-й дивизии противник захватил примерно 350 лошадей), остальные же пали жертвами пуль, снарядов, холода, голода, тяжелого труда и вызванных ими болезней.

Выводы. Подводя итог, хочется еще раз отметить, сколь важно помнить сегодня о разрушительном кошмаре войны для всего человечества. Но также необходимо понимать нашу ответственность перед окружающей нас природой, перед животным миром, который становится невольным участником и жертвой людских амбиций и притязаний.

Список литературы.

1. Боевой состав 122 и 163 СД на 23.11.39. РГВА. Ф. 34980. Оп. 9. Д. 952. Л. 4
2. Боевой состав 44 СД на 7.12.39. РГВА. Ф. 34980. Оп. 5. Д. 356. Л. 4
3. Боевой состав 44 СД на 7.12.39. РГВА. Ф. 34980. Оп. 5. Д. 407. Л. 167
4. Боевой состав 9-й армии на 20.11.39. Российский Государственный Военный Архив (далее РГВА) Ф. 34980. Оп. 5. Д. 356. Л. 1;
5. Донесение командира 44 СД от 26.12.39. РГВА. Ф. 34980. Оп. 5. Д. 45. Л. 4
6. Киселев О.Н. Динамика потерь личного состава Красной армии в ходе сражения за Суомуссалми зимой 1939–1940 гг. По документам Российского государственного военного архива/КЛИО, №9 (93), 2014.
7. Ковалевская В.Б. Конь и всадник (пути и судьбы) /Под. ред. Д.С. Раевского. - Москва: Издательство «Наука». Главная редакция восточной литературы, 1977.
8. Кожевников Е.В., Гуревич Д.Я. Отечественное коневодство: история современность, проблемы. — М.: Агропромиздат, 1990.
9. Оперативная сводка №15 штаба начальника артиллерии 47 СК 23.00 17.12.39. РГВА. Ф. 34980. Оп. 5. Д. 248. Л. 165.
10. Оперативная сводка б/н 204 ПТД 17.12.39. РГВА. Ф. 34980. Оп. 10. Д. 3117. Л. 65
11. Отчет о работе 8 дорожно-эксплуатационного полка. РГВА. Ф. 34980. Оп. 5. Д. 437. Лл. 42, 43
12. Политдонесение 163-й СД 25.11.39. РГВА. Ф. 34980. Оп. 10. Д. 3098. Лл. 3, 4
13. Потери частей 163 СД в период с 15.12 по 22.12 РГВА. Ф. 34980. Оп. 5. Д. 411. Л. 65; Потери частей 47 СК в период с 30.11 по 15.12.
14. Сведения о потерях 163 СД с 30.11.39 по 15.01.40. РГВА. Ф. 34980. Оп. 5. Д. 411. Лл. 168-169, 187, 189
15. Советская кавалерия. Военно-исторический очерк / А. Я. Сошников, П. Н. Дмитриев, А. С. Арутюнов и др. - М.: Издательство «Воениздат», 1984.;
16. Фоулер Дж. Кавалерийские части Германии и ее союзников во Второй мировой войне. /Пер. с англ. Вершубской Г.Г.; Науч. ред. Козлов А.И.. - М.: АСТ; Астрель, 2003.
17. Kilin J., Raunio A.. Talvisodan Taisteluja – Karttakeskus, 2007, s. 153

УДК 82-1:821.512.122

ТӘУЕКЕЛ, КҮРЕС ЖОЛЫН ҮНДЕГЕН АҚЫН-ЖАЗУШЫЛАР

Кульбаева М.М., А. Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университетінің аға оқытушысы, филология магистрі

Мақалада ХХ ғасыр басындағы қазақтың азаттық жолындағы күресіне елеулі үлес қосқан талантты ақындары-Сәкен Сейфуллин, Мағжан Жұмабаев шығармашылығы сипатталған. Сол кезеңдегі революцияшыл жырлар ұлттық әдебиетімізге азаттық жолындағы күрес рухын кіргізді.

В данной статье рассматривается творчество талантливых поэтов Сакена Сейфуллина, Магжана Жумабаева, которые внесли значительный вклад в казахско-освободительного движения в начале ХХ века. Революционные стихи того времени придавали дух национальной литературе во время освободительного движения.

Work of talented poets of Sakena Seifyllina, Magjana Djumabaeva is examined in this article, that brought in a considerable contribution to Kazakh-liberation motion at the beginning XX of century. The revolutionary verses of that time gave a spirit national literature during a liberation movement.

Жаңаша көзқарас қалыптастыру кезеңінде тұрған қазіргі қазақ әдебиеті бұл тұста күллі әлем әдебиетінің сатысынан елеулі орындардың бірін иелейді. Әдебиетіміздің жетекші саласының бірі – поэзияның эстетикалық байлығы артып, көкжиегі кеңиді. Әдебиетіміздің даму кезеңіндегі әрбір дәуір өз ақынын туғызады десек, қазақ ақындарының әрқайсысы өзінше қайталанбас шығармашылық тұлға ретінде жеке дара көріне алады. Сондай дара таланттардың бірі – Мағжан Жұмабаев. 20-жылдары қазақ

халқы бастан кешкен өмірдің қиыншылықтары мен көшпелі елдің бірден социализмге бет бұруының қайшылықтары да аз болмайтын. Аштық шаруаларды күштеп ұжымға біріктіру, қуғын-сүргін, қашып-босқан ел тағдыры әдебиет үшін мол материал еді. Алайда кеңестік әдебиет ол тақырыпқа бара алмады. Кеңес ақындарының осы олқылықтарын Мағжан Жұмабаев (1893-1938) қана толықтыра алды. Большевиктер билігін қабылдамаған ол демократтық әдебиет дәстүрін жалғастыра отырып, халық трагедиясын әркілі көркем суреттер арқылы кең бейнелейді. Асқар Алтай - алтын ана есте жоқ, Батыр хандар, асқан жандар ұмтылды, - деген жолдармен бейнелейді. Ол өмірдің мұңлы жағын көп суреттеді, өкініш пен күйінішке бой алдырды, бір мезгіл орыс декаденттеріне еліктеп өлеңдер жазды. Мағжанның мына өлеңдері надандықтың құшағынан арыла алмай келе жатқан елінің кертартпа мінездерін сынға ала отырып, өзге елдердің қатарынан қалмас үшін оқу-білім, өнерге талпыну керектігін айтып, айтып қана қоймай, отаршылдықтың зардаптарын көріп отырған халқына «көретін күнің осы» деп ескертеді. Ал, ақынның «Есімде тек таң атсын», «Бостандық», «Сағындым» өлеңдерінде романтикалық сарынмен жырлау басым болғанмен, азаттық таны бәрібір ататыны, халқының аңсаған арманы түбі орындалатынын ұлы сеніммен жырлайды. Ақынның сонымен қатар «Мен жастарға сенемін», «...ҒА» өлеңдерін ақ патшаға қарсы жазылған шығармалар цикліне жатқызуға болады [1, 35-38]. Ақын «Алаш атын аспанға» шығаратын, өзінің қайдан тарағанын танып білетін ұрпаққа ой тастайды. «...ҒА» - өлеңінде ақын «мейірімсіз тағдыр құрған торға түсіп» жатқанда, сынбәйгеге басын тігіп, елін келімсектерден құтқару үшін күрескен ер-азамат туралы жырлайды. Әділетсіздікке, зорлық-зомбылыққа деген қарсылық, ақынның жағымпаздық, келісімпіздық дертіне шалдықпаған жігерлі, қайратты ұят-иманды намысты толғауларындағы сарындар «Батыр Баян» поэмасында бұрқырай тасқындады. Қолы ғана емес, жаны, рухы, қызыл тілі кісендеулі ақын сонда да, тапталып жаншылып қалмай, бас көтереді, қарсылық білдіреді, атой салады. Зорлықзомбылық, әділетсіздік басқанмен, бәрібір шындықты, ақынның асыл сөзін, келешекке деген үмітін үзе алмайды, түптеп келгенде, ақын мәңгілікке, өлместікке, бостандыққа, еркіндікке сенеді, қол рухты сезім, кісілікті ой алдында оқырманын имандай ұйытады. Ақын оқырманға жан сырын ашып салады, жүрек тереңінде жатқан құпиясын ақтарады. қоғамдық мұрат, әлеуметтік идеалды халқының өткен күндерінен, азаттық үшін күрескен ерлерінің тағдырынан табады. Мағжан фольклорды игеруде соны жол, жаңа бағыт ашты, қайта жырлау, нәзира, сарындау емес, түп-түгел тосын, биік, асқақ көркемдік жүйелер жасады. Ең бастысы ақын ықшамдық, сұлулық, философиялық талаптарды, бейнелік, суреттілік шарттарын бірінші қатарға шығарды: «қойлыбайдың қобызында» фантастикалық күйлер, бәйгеге қобыз қосу көрінісі ғажап шебер бейнеленеді; «қорқыт ата» өмір мен өлім арпалысы, мәңгілік үшін күрес, өнердің өлместікке ап ар ар киелі қасиеті жыр етіледі; «Жүсіпханда» тұлға мен тобыр, мансап пен ұждан диалектикасы, «Өтірік ертекте» мысал, тұспал әдісімен берілген әлеуметтік тартыстар сыры бар; «Окжетпестің қиясында», «Түркістан туындылары азаттық идеясын, түркі бірлігін жырлайтын шығармалар. Ақын өлеңдерінде жалпы түрік бірлігі, шығысты пір тұту, шығыс елдерінің келешегінен үміт күту сарыны мол байқалады. XX ғасыр басындағы қазақтың азаттық жолындағы күресіне елеулі үлес қосқан талантты ақындарының бірі - Сәкен Сейфуллин (1894-1938) еді. Алғашқы шығармашылық еңбегін демократтық, ағартушылық бағытта бастаған ол төңкеріс тұсында отаршылдық езгі мен ұлттық қанауға қарсы батыл үн көтеріп, ақындық қызметін халықтық күреспен тікелей байланыстырды. Әлеуметтік төңкеріс тұсындағы жолайырықта большевиктер партиясы сапына қосылып, солардың қатарында күрестің азапты жолын басынан кешірді. Содан бастап ақын халықтың азаттығы мен тәуелсіздігі мәселесін пролетарлық күрес идеясымен байланыстыра қарады. Езілгендер мен қаналғандарға теңдік әперіп, қатарға қосамыз, қоғамның қожасы етеміз деген ұранға сеніп қызмет етті. Сондықтан да өзінің саяси қоғамдық қызметімен де шығармашылық еңбегімен, де қазақстандағы социалистік құрылыс ісіне берілгендік танытты және осы саясатты батыл жырлаушы болды. Кеңес өкіметінің орнығуы, коммунистік партияның езілгендер мен қаналғандарды жақтауы елдің кедей шаруалары тарапынан қолдау тапты. Теңдік, әділдік ұрандары елді сендіре бастады. Қазақ қаламгерлерінің бір бөлігі осы идеяны мадақтап жырлар туғызды. Олардың басында Омбыда оқып, орыс большевиктерімен тұрақты байланыс жасап келген қазақ ақыны Сәкен Сейфуллин болды. Төңкеріс алдында халықтың азаттығы мен бостандығы идеясын қолдаған Сәкен бостандық, теңдік осы жолмен келеді деп ұқты. Халық мұны мен азаттыққа ұмтылу арманы оны бұл жылдары бұрынғыдан да гөрі көбірек ойландырады. 1915 жылы жазған «Көңіл» деген өлеңінде ол революция қарсаңындағы халық көңіліндегі толқуды суреттейді. Лирикалық кейіпкерде іздену, жанжаққа шарқ ұрып, талпыну бар. Ақын көңіл талабына қосылады, оның мұратына жетуін қолдайды. «Мұң» деген өлеңде ескі өмірден шаттық таппай күйінеді. 1916 жылғы халықтың ұлт-азаттық көтерілісі кезінде жазған «Толқын» атты өлең көкіректі кернеген елдің қайғы-қасіреті толқынына толы. Ақын сұрапыл соққан көп толқыны да, дүңкіп жарылған жер толқыны да басылар, бірақ халық ашуының толқыны басылмайды деген оптимистік ой айтады. Сәкеннің табиғат жырлары өз елін оның табиғатын сүйген ақынның шын сезімін бейнелейді. Ол табиғатты ел өмірімен, олардың тіршілігімен, халықтың азаттық тілеген арман-қиялымен байланыстырады. «Май айында» (1917) атты өлеңдерінде ақын жаздың шығуы мен жаңа жылдың тууын символды түрде өмірдің жаңаруы, жаңа заманның келуі туралы ойларымен ұштастырады. Күз туралы өлеңін ол «Өткен күн» деп атаған. Ақын жазды жыл жастығы деп атаса күзді өтіп бара жатқан ұсқынсыз заман бейнесінде алады. Оның күрескер жырлары «әділдік, теңдік іздеуге» арналады. Ол халықтың азаттығы жолындағы күреске ақын болып қана емес, солдат болып та қатысты. 1917 жылдың наурызында жазған

Сәкеннің «Асығып тез аттандық», «Кел, жігіттер» деген өлеңдері күрес дәуірі тудырған қазақ әдебиетінің алғашқы сөзі, азаматтық, саяси лириканың басы. Бұл өлеңдерде ақын патшаның құлауына қуаныш білдіре отырып, «атқан таңды қарсы алуға» асығыс жолға шыққан ерлердің ісін паш етеді.

Сәкен халықты жалпы алмайды, оның езілген, қаналған, кедей тобына іші бұра қарайды. Азаттық солар үшін деп түсінеді. Отаршылдықтан азат бола отырып, бұқара халықты ұлттық езгіден босатуды қалайды. Ақын өлеңдерінің кейіпкері де осы бағыттағы күрескер. Бұл - Сәкеннің қоғамдық шындыққа тап тартысы тұрғысынан қарай бастағанының белгісі болатын. Осы дәуірден басталған Сәкеннің революцияшыл жырлары ұлттық әдебиетімізге азаттық жолындағы күрес рухын кіргізді. Оның «жүген-құрық тимеген, алты жасар асуды» революцияның бейнесінде алып, «кең даланы күнірентіп, қатты айғайлап ән салуы» да жана дәуірдің үнін танытады. Ол оқырман алдына үлкен талап - заман талабын қоя сөйлейді. «Талай ерлер қасірет, жапа шегіп, жалпы әлемге бақыт іздеп құрбан болған» тәуекел, күрес жолына үндейді [4, 112].

Осы өлеңдерден Сәкеннің өз басынан өткен күрес жолының шындығын да тануға әбден болады. Патшаның құлауы мен азаттық жолындағы күреске ол жоғарыдағы өлеңдерімен үн қосса, «Адасқандарға», «Қамаудан», «Тұлпарым», «Сағындым» тәрізді өлеңдерін контрреволюция күштерінің қолында тұтқын болып жүргенде жазған. «Түрмеден қашып шыққанда», «қамыққан көңілге», «Бабаларыма», т.б. өлеңдерінде ақын тұтқыннан қашып шыққан күрескер азаматтың көңіл-күйін бейнелейді. Ал «Жас қазақ марсельезасы», «Шөлде», «қашқынның ауылы» - жауынгер ақынның күрес жолына аттанған кездегі үні.

Әдебиеттер тізімі:

1. Жұмабаев М. Шығармалары. Алматы: Жазушы, 1989 ж. 448 б.
2. Мырзахметов М. Түсініктеме. II Әуезов М. Әдебиет тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991 ж. 240 б.
3. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. А., Қазақ университеті, 2002ж. 82б
4. Қозыбаев М. Ақтандақтар ақиқаты. Алматы: қазақ университеті, 1992ж. 272 б.

УДК81.63.24, 73К 89

БАЛЛАДАЛАРДЫ БАРЛАҒАНДА

Қушқинбаева Қ.Т., Ахмет Байтұрсынұов атындағы

Қостанай мемлекеттік университеті

Тілдік даярлау орталығының оқытушысы, филология магистрі

Мақала қазақ әдебиетіндегі балладаның пайда болуы, дамуы жайлы. Баллада туындысын жарыққа шығарған ақындарымыздың балладалары қарастырылды.

В статье раскрываются истоки формирования и развития баллады в казахской литературе. Рассматриваются произведения поэтов, которые впервые использовали жанр баллады.

Articles about the development of the Kazakh literature ballads. Ballad of the work of poets who published this ballads considered.

Баллада ХУІІІ ғасырдың басынан бастап қайта жандана бастағанда баллада сюжетке, әсіресе тарихи тақырып пен аңыздарға, драмалық оқиғалар құрылған өлең формасына қазір эпостық элементтері жай еніп қана қоймай, үлесі басым жағдайға жетті [1.6].

Баллада біздің әдебиетімізге Саттар Ерубаев арқылы кірді. Баллада – сюжетті лиро-эпикалық шағын көлемді шығарма, яғни, ақын шабытын шарықтатқан қоғамдық ұшқыр ойды орнықтыруға, бейнелік құбылысты бейнелеу жағдайларда қомақты түрде жан-жақты көрсетуге, ақындық сезімге әсер еткен айбынды өмір құбылысын суреттеуге мүмкіндік беретін поэзияның бір саласы.

«Өмір туралы рапорт», «Мәңгілік өмір туралы жыр», «Меруерт алқа», «Күзгі фрагмент», «Үш шахтер туралы баллада» - 30-жылдардағы поэзиямыздың тың саласында жаңашыл Саттардың жасаған поэтикалық жаттығулары ғана емес, қайта логикалық түйінге ұмытылған эстетикалық әсері мол шығармалары.

Балладаны әр түрлі өлең өрнегімен, әр түрлі буынмен жазуға болады. Саттар мол буынмен баяндау түрін қалаған. Оның балладалары негізінен 15 буынды берік сақтайды, тек интонацияны күшейту мен баяулату, қажет жерінде 13-14 не 16-17 буындар араласып кеттеді.

Саттардың көпшілік балладасы егіз ұйқаспен жазылып, шумағы екі жолдан тұрады, ал кейде 4,6,7,8,9 және одан да көп жолдар араласып келеді. Әдетте екі жолдың ұйқасы берік сақталады. Ал шумақта жол саны көбейгенде бәрінің де ұйқасын сақтайды не болмаса аралас ұйқаспен жазады. Мұның бәрі автордың логикалық ойды түйсіне қарай жасалады.

Мысалы:

Біздің өмір көркемнен де, сұлудан сұлу ғой,

Біздің өмір қуанышты тастай қалап құру ғой, -